

«Барлығына несие береміз!» «Сұр» несиегерлер қандай схемаларды қолданады?

«Бас тартусыз несие»

«15 минутта ақша»

«Несие тарихын тексерусіз»

«Мерзімі өткен қарызы болса да мақұлдаймыз» – мұндай хабарландыруларды сөзбе-сөз әр қадам сайын кездестіруге болады. Ақша шұғыл қажет болып тұрған адам үшін мұндай ұсыныстар нағыз құтқарылу сияқты көрінеді. Алайда тартымды уәделердің артында көбіне түрлі заңдық айла-амалдар мен схемаларды пайдаланып қарыз беретін «сұр» несиегерлер деп аталатындар жасырынып жатады. Ресми түрде олардың көптеген әрекеттері заңды болып көрінуі мүмкін, бірақ іс жүзінде қарыз алушы өте тиімсіз жағдайда қалады: бірнеше есе артық төлейді, қарызды мерзімінен бұрын өтеу мүмкіндігінен айырылады, кейде тіпті пәтерінен немесе автокөлігінен айырылып қалады.

«Сұр» несиегерлер кімдер?

«Сұр» несиегерлер деп әдетте нақты қарыз беріп жүрген, бірақ банк немесе микроқаржы ұйымы болып табылмайтын және мемлекет кәсіби несиегерлер үшін белгілеген ережелер бойынша жұмыс істемейтін жеке тұлғаларды немесе компанияларды айтады.

Банктер мен МҚҰ заңнама талаптарын сақтауға міндетті: несиенің толық құнын ашып көрсету, сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесінің (СЖТМ) шекті мөлшерін сақтау, мерзімінен бұрын өтеу мүмкіндігін беру, клиентке барлық төлемдер туралы хабарлау және қарыз алушының құқықтарын сақтау.

«Сұр» несиегерлерде мұндай міндеттер жоқ. Сондықтан олар қаржы ұйымдарына қойылатын талаптарды айналып өтіп, іс жүзінде несие беруге мүмкіндік беретін қарыз шарттарын, қолхаттарды, сатып алу-сату, кепіл шарттарын және басқа да азаматтық-құқықтық құралдарды пайдаланады.

Бұл азаматтар арасындағы кез келген қарыз заңсыз дегенді білдірмейді. Заң бір адамның екінші адамға ақша қарызға беруіне жол береді. Алайда қарыз беру тұрақты бизнеске айналса әрі шарттар несиегерді барынша қорғап, барлық тәуекелді қарыз алушыға артатындай етіп жасалса, аса сақ болған жөн.

№1 схема. Шартта сіз алған сомадан әлдеқайда көп соманы көрсетеді

Бұл ең көп таралған схемалардың бірі. Мына жағдайды елестетіп көріңіз. Адамға емделуге, жөндеуге немесе бизнесті дамытуға ақша қажет. Ол жеке несиегерге жүгініп, 2 миллион теңге алады.

Шарттар түсінікті болып көрінеді: айына 5%, екі жыл мерзімге.

Пайызды есептесек, 24 айда олар тағы 2,4 миллион теңгені құрайды. Төлемдердің жалпы сомасы – 4,4 миллион.

Бірақ несиегер нақты берілген 2 миллионға шарт жасап, пайыз есептеу тәртібін бөлек көрсетудің орнына, қарыз шартында бірден 4,4 миллион теңге сомасын көрсетеді – өйткені азаматтық-құқықтық қатынаста пайыз есептеуге болмайды. Оның үстіне, қарыз алушыдан дәл осындай соманы қолма-қол ақшамен алғаны туралы қолхат жазуын сұрайды.

Іс жүзінде адам 2 миллион алады, ал заңды тұрғыдан 4,4 миллион алғанын растайды.

Бір қарағанда айырмашылық жоқ сияқты көрінуі мүмкін – бәрібір шамамен сол мөлшерде төлеуге тура келеді ғой. Бірақ дәл осы жерде басты қауіп жасырынып жатыр.

Мерзімінен бұрын өтеудің пайдасы жоқ

Банктер мен микроқаржы ұйымдарында пайыз негізгі борыштың қалдығына есептеледі. Қарыз алушы несиеді неғұрлым тез қайтарса, соғұрлым аз пайыз төлейді. Егер адам сыйақы алса, автокөлігін сатса немесе ақша жинап, несиеді мерзімінен бұрын жабуға шешім қабылдаса, банк пайызды қайта есептейді де, артық төлем азаяды.

Мұндай шарттарда бұл іс жүзінде болмайды. Құжат бойынша қарыз алушы 4,4 миллион теңге алып қойған. Дәл осы соманы қайтаруға міндетті. Тіпті ол қарызды рәсімдегеннен кейін бірнеше айдан соң ақша әкелсе де, міндеттеме мөлшері бұрынғыдай қалуы мүмкін. Іс жүзінде пайызды үнемдеу мүмкіндігі жойылады.

Пайыз банктердегідей есептелмейді

Тағы бір ерекшелік – қарыз құнын есептеу тәсілінде.

Банкте пайыз тек несиенің өтелмеген қалдығына есептеледі. Әр төлемнен кейін борыш сомасы азаяды, онымен бірге пайыз мөлшері де азаяды. Мұндай схемаларда пайыз алдын ала бірден бүкіл қарыз мерзіміне есептеліп, шарттың жалпы сомасында бекітіледі.

Нәтижесінде қарыз алушы ақшаның едәуір бөлігін қайтарып қойса да, бүкіл борыш әлі өтелмегендей төлей береді. Соның салдарынан артық төлем банктің немесе лицензиясы бар микроқаржы ұйымының несиесіне қарағанда айтарлықтай жоғары болуы мүмкін.

Негізгі борышты бір төлеммен қайтару керек

Кейде схема одан да қауіпті болып көрінеді.

Екі-үш жыл бойы қарыз алушы несие бойынша бірте-бірте есеп айырысып жатырмын деп ойлап, ай сайын белгілі бір соманы аударып отырады.

Алайда бұл төлемдердің бәрі – тек пайыз болып шығады. Ал оның қолына нақты тиген соманы, мысалы, сол 2 миллион теңгені, мерзім соңында бір төлеммен толық қайтару қажет.

Дәл осы жерде көпшілік қақпанға түседі. Қарыз алушы ай сайын салыстырмалы түрде шағын сома төлеп жүргенде, ешқандай мәселе туындамайды. Бірақ бірден бірнеше миллион теңгені қайтаратын кез келгенде, оны бәрі бірдей жасай алмайды.

Сонда несиегер кепілге қойылған мүлікке өндіріп алуды талап етеді.

№2 схема. Шағын қарызға қымбат кепіл талап етеді

Тағы бір алаңдатарлық белгі – қарыз бен кепілге беруді талап ететін мүлік құнының сәйкессіздігі.

Мысалы, адамға 3 миллион теңге қажет. Ал қамтамасыз ету ретінде құны 40 миллион теңгелік пәтер немесе құны 15 миллион теңгелік автокөлік рәсімделеді.

Бір қарағанда бұл әдеттегі тәжірибе сияқты көрінеді. Банктер де мүлікті кепілге қабылдайды. Алайда банктер қатаң ережелер бойынша жұмыс істейді, ал олардың қызметі мемлекеттік бақылауда болады.

«Сұр» несиегерлерде жағдай басқаша болуы мүмкін. Кез келген мерзімін өткізіп алу, тіпті болмашы болса да, борышты толық қайтаруды талап етуге немесе мүлікке өндіріп алу рәсімін бастауға негіз ретінде пайдаланылады.

Нәтижесінде адам құны қарыздың өз мөлшерінен бірнеше есе асып түсетін активінен айырылу қаупіне ұшырайды. Кейде адал емес несиегердің басты мақсаты ақшаны қайтару емес, дәл сол кепілді иемдену болып шығады.

Сонда сот инстанцияларына жүгініп, мүлікті сатудан түскен ақша қалдығына құқығын қорғауға тура келеді. Бірақ ең өкініштісі – мұндай жағдайда мүлікпен, оның ішінде жалғыз тұрғын үймен де қоштасуға тура келеді әрі реттеуші оны сақтап қалуға көмектесе алмайды.

№3 схема. Қарыз шартының орнына сатып алу-сату шартын рәсімдейді

Бұл әсіресе жылжымайтын мүлік туралы сөз болғанда ең қауіпті схемалардың бірі.

Адамға сатып алу-сату шарты «тек кепілдік үшін ғана» қажет екенін және ақша қайтарылғаннан кейін пәтерді немесе автокөлікті жай ғана қайта рәсімдеп беретінін түсіндіреді.

Іс жүзінде қарыз алушы өзін мүліктің иесі емес ететін құжаттарға қол қояды.

Кейіннен келіспеушіліктер туындаса, сотта бұл шын мәнінде сатып алу-сату шарты емес, қарызды қамтамасыз ету тәсілі болғанын дәлелдеу өте қиынға соғады. Нәтижесінде адам ақшаның едәуір бөлігін қайтарып үлгерсе де, тұрғын үйінен айырылып қалуы мүмкін.

№4 схема. Болмашы мерзімін өткізіп алғаны үшін орасан айыппұлдар мен өсімпұлдар

Пайыздық мөлшерлеме әбден қолайлы болып көрінетін, алайда ең елеулі шығындар шарттың қарыз алушының жауапкершілігіне арналған бөлімінде жасырынып тұратын жағдай да болады.

Мысалы, мерзімін өткізіп алған әрбір күн үшін ірі өсімпұл, тіркелген айыппұл немесе қосымша сыйақы есептелуі мүмкін. Кейде мұндай санкциялардың мөлшері ай сайынғы төлемнің өзінен бірнеше есе асып түседі.

Мына жағдайды елестетіп көріңіз. Қарыз алушы ауырып қалды, жалақысы кешіктірілді немесе басқа да уақытша қаржылық қиындықтар туындады. Мерзімнің өтуі бар болғаны бірнеше күн болды, бірақ осы уақыт ішінде борыш жүздеген мың теңгеге өсіп кетті.

Одан әрі қар кесегі әсері басталады. Берешек неғұрлым көп болған сайын, оны өтеу соғұрлым қиындай түседі.

Банктер мен микроқаржы ұйымдарында айыппұл есептеу тәртібі заңнамамен реттеледі. «Сұр» несиегерлерде санкциялардың мөлшері едәуір жоғары, ал олардың шарттары тек несиегерге ғана барынша тиімді болуы мүмкін. Кейде несиегер қарыз мерзімін ұзартуды ұсынуы мүмкін. Бірақ ол да бөлек ақыға. Бұл ретте негізгі борыш іс жүзінде азаймайды. Бірнеше айдан кейін адам едәуір соманы төлеп қойғанын, алайда оның берешегінің мөлшері бірде-бір өзгермегенін байқауы мүмкін. Іс жүзінде ақша тек пайызды, комиссияларды және түрлі қосымша төлемдерді өтеуге кетеді.

Мұндай жағдай неғұрлым ұзаққа созылса, борыш қақпанынан шығу соғұрлым қиындай түседі.

«Сұр» несиегерді қалай тануға болады?

Ақшаны мүлдем барлығына беруге уәде береді. Банктер мен МҚҰ әрқашан клиенттің төлем қабілетін бағалайды. Егер сізге табысыңызға, несие тарихыңызға немесе қарызыңыздың бар-жоғына қарамастан мақұлдауға кепілдік берсе, ойлануға тұрарлық.

Қарыздың толық құнын хабарламайды. Егер сізге тек ай сайынғы төлемді айтып, бірақ бар-жоғы қанша қайтару керектігін түсіндірмесе – бұл сақтануға себеп.

Қарызға қатысы жоқ құжаттарға қол қояды ұсынады. Кәдімгі қарыз шартының орнына сатып алу-сату, сыйға тарту шарты, мүлікке билік етуге сенімхат немесе басқа да құжаттар күдік тудыруы тиіс.

Қол қоюға асықтырады. «Тезірек қол қойыңыз», «оқудың қажеті жоқ», «бұл стандартты шарт» деген сияқты сөздер – тағы бір алаңдатарлық белгі.

Нақты алынған ақшадан асатын сомаға қолхат талап етеді. Егер сіз 2 миллион теңге алсаңыз, ал құжаттарда 4 миллион көрсетілсе, мұндай шарттарға келісу өте қауіпті.

Төлемнің егжей-тегжейлі кестесін бермейді. Қарыз алушы қашан, қанша және не үшін төлейтінін түсінуі тиіс.

Егер сіз мұндай шартқа қол қойып қойсаңыз, не істеу керек?

Егер сіз күмәнді схемаға тап болғаныңызды түсінсеңіз, мәселені шешуді кейінге қалдырмаған жөн. Мазмұнын түсінбей тұрып, қосымша құжаттарға қол қоймаңыз. Барлық құжаттарды, қолхаттарды, хат алмасуды, келіссөздердің аудио- және бейнежазбаларын, егер олар болса, сақтап қойыңыз. Бұл материалдар құқығыңызды қорғау кезінде қажет болуы мүмкін.

Егер дау туындап қойса, мүмкіндігінше ертерек заңгерден кеңес алыңыз. Жағдайды неғұрлым ерте талдай бастасаңыз, мүдденізді қорғаудың заңды жолын табу мүмкіндігі соғұрлым артады.